

Вопросами трудовой дисциплины педагогов занимается профсоюзный комитет, который на своих заседаниях рассматривает вопросы о поощрении и наказании сотрудников, разрешает трудовые споры.

В системе управления педагогическим коллективом в качестве служебных поощрений используются: материальные-дополнительные дни к отпуску, денежные вознаграждения, моральные – грамоты, благодарности, занесение записи в трудовую книжку о поощрении.

В современном взаимосвязанном и взаимозависимом мире в условиях усиливающейся глобализации всех сфер социальной действительности важнейшей особенностью педагогики является превращение интеграции в ведущую закономерность, основную тенденцию ее развития.

Интеграционные процессы, являющиеся закономерным явлением любого развития, обогащают образовательно-воспитательный потенциал и способствуют более эффективному использованию ресурсов, имеющихся в учреждениях профессионального образования. Поэтому в современном взаимосвязанном и взаимозависимом мире в условиях усиливающейся глобализации сфер социальной действительности особенностью педагогики является превращение интеграции в ведущую закономерность, основную тенденцию развития системы образования в целом, в том числе и профессиональной.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Бардовский Г.А. Управление качеством образовательного процесса / Г.А. Бардовский, А.А. Нестеров, С.Ю. Трапицин. – СПб., 2001.

2 Большаков А.С., Михайлов В.И. Современный менеджмент: теория и практика. – СПб.: Питер., 2000.

ПІКІР-САЙЫС-ТҰЛҒАНЫҢ ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ

Анасова А.Б.,

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қ.

Ұрпақ тәрбиесі – ұлттың тағдыры. Өз ұрпағының тәрбиесін өз жолына қоя алған ұлт қана өз тағдырын өзі ойдағыдай қамдай алмақ. Бүгінгі оқыту жүйесінің алдына қойған мақсаты – тұлғаны дамыту болатын болса, пікір-сайыс белсенді тұлғаны қалыптастыруға үлкен үлес қосатын бағдарламаның бірі. Пікір-сайыс тұлғаның рухани әлемін байытып, адамгершілік-әдептік қасиеттерін дамытып қана қоймайды, олардың дүниетанымын кеңейтеді, алған білімдерінің сапасын арттырады. Өз ұлтының құндылықтары негізінде әлемдік мәдениет құндылықтарын меңгеріп, өз ана тілі негізінде басқа ел тілдерін жетік игереді.

Болашақ ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында тәрбиенің гуманистік бағыт алуы тиіс және адамның қарым-қатынастарында ізгілік қатынасты қалыптастырудың ең тиімді мүмкіндіктерін тауып, оны жастар тәрбиесіне ұтымды пайдалану өте маңызды мәселе. Адамдар арасында гуманистік қарым-қатынасты қалыптастыру барлық тәрбие орындарының, соның ішінде, әсіресе, мектептің негізгі міндеті.

Бүгінгі Қазақстан – адамдардың халықаралық қарым-қатынасы мен ақпарат алмасуына шекарасы ашық, дүниежүзілік саяси әлеуметтік, экономикалық ықпалдастық шараларына белсене араласатын демократиялық және зайырлы мемлекет. Сондықтан қазіргі заман мектебінің алдына қойылатын талап өте жоғары. Тек қана білім мен дағдыға бағытталған оқытудың мазмұны адамзат дамуының бүгінгі талабынан кейін қалып отырғандығы айқын. Қазіргі индустриалдық қоғамның орнына келген ақпараттық технология қоғамы сұранысы өте жоғары. Сондықтан өте көп ақпаратты қабылдау, оны сұрыптай білу қазіргі жастардан тек жаттанды білімді ғана емес, оның көзін таба білуді, интеграциялау, қолдана білуді керек етеді. Дайын білімді ұғып алу, қағып алу ғана емес, оны қажетіне асыруға үйрену үшін мектепте

оқушының интеллектуалдық, шығармашылық деңгейлерін арттырудың ролі үлкен. Білім беру жүйесі жанашырлары тарапынан біздегі қалыптасқан оқытудың «формальды» түрде, яғни тек пәндік білім негіздерімен қаруландыруға бағытталғандығы, ал әлемдегі көптеген елдер ұстанып отырған бағыт баланы ең әдемі логикалық ойлауға үйретуге, яғни қазіргі ақпараттар кеңістігінде өзін еркін сезінуге қажетті, өз бетімен білім ала алатын, білетінін жүйелі түрде қолдана алатын мазмұнда құрылғандығы соңғы кезде орынды айтылуда.

Ғылым мектепті адам тәрбиесінің алтын ұясы, ұлттың жақсы қасиеттерін бойға сіңіретін орын деп біледі. Сондықтан ұлт болашағы – қазақ баласының ұлттық болмысын, мәдениетін, менталитетін қалыптастыратын жүйелі білім беру тәсілін іске асыруды игерген ұлттық мектептердің негізі қалану қажет.

Ұлттық мектептің ұлы мақсаты – оқушылардың бүгінгі ақпараттар ағынын сауатты игере алатын, сол игерген білімнің қай жерде нақты көмекке келетінін пайымдай алатын, қандай әлеуметтік топпен де қарым-қатынас жасай алатын, өз бетінше оқу іздену арқылы кез келген мәселенің шешімін таба алатын ұлт азаматын қалыптастыру деп айқындауға болады.

Осы ретте ұлттық мектеп мақсатын жүзеге асыру үшін оқу-тәрбие жүйесін қандай құрылымда құру қажет, оның мазмұны қандай болу қажет, білім берудің қандай тәсілдерін қолдану қажет деген мәселелерді көтерсек. Сондай-ақ тұлғаны дамытуға бағытталған оқу бағдарламасының ролі қандай?

Ұлттық мектеп құру мәселесі әрбір ұлттың алдына қойған ұлы мақсаттарының бірі. Біздер К.Д. Ушинский, В.Я. Стоюнин, Ы. Алтынсарин негізін қалаған ұлттық мектептердің болғанын тарихтан білеміз. Кезінде орыстың ұлы педагогы К.Д. Ушинский «Орыс мектебін – орыс мектебі қылу қажеттілігі туралы» еңбегінде: ...неліктен біздің балалар алдыменен орыс тілін біліп алмай, латын, неміс, француз тілінде етістікті жіктеу мен зат есімді септеуге үйрену тиіс?» – дей келе, «Швейцария, Германия, Англия, Америка елдерінде білім беру үш түрге бөлінеді: қажетті, пайдалы, ұнамды. Соның ішінде ұлттық білімнің негізінде қажетті білім алынады. Қажетті білім баланың жанына алдымен негіз болып ұялауға тиіс. Ал пайдалы және ұнамды білім қаншалықты қызықты болғанымен, оған ұлттық психологиясы тәуелді болмауы керек. Әр адамға: өз ана тілінде сөйлеу білу, оқи білу, жаза білу, өз Отанын тани білу алынуы тиіс» – дей отырып ұлттық орыс мектебінің қандай болу екендігін дәлелдеген еді /1/.

Ал қазіргі заманға сай қазақ ұлттық мектебі қандай болу қажет? Білімнің қажетті, пайдалы, ұнамды түрлеріне қазіргі көзқарас қандай? Бұндай сұрақтарға ізденістер де баршылық деп айтуға болады.

Әрине қазіргі мектеп терең білім берумен қатар ұлттық сипаттарды жоғалтпауды басты нысанада ұстау арқылы әлемдік өркениетке жетуіміз қажет.

Еліміздің ертеңі, ұлттымыздың болашағы – бүгінгі жастар. Ендеше олардың қамын ойлау баршамыздың парызымыз. «Бала балқытылған алтын, оны қандай қалыпқа құйып, қандай мүсін жасаймын десе де мұғалімнің қолында» – деген екен әйгілі педагог К.Д. Ушинский /1/.

Бірақ жеке тұлғаны қалыптастыру тек қана әлеуметтік жағдайда ғана жүзеге асады, яғни адамның табиғи қабілеттеріне қоршаған орта әсер еткенде ғана толық ашылады. Ал балаға бірден-бір әсер ететін орта – мектеп болса, жеке тұлғаны қалыптастыру міндеті мектепке жүктеледі. Мектеп жұмысы баланың потенциалдық, шығармашылық мүмкіндіктерін ашуға жұмылу қажет.

Соңғы кезде орта білім беретін мектептер мен жоғарғы оқу орындарына етене араласып, кең танымал болған «Пікір-сайыс» бағдарламасының іс-шаралары жеке тұлғаның интеллектуалды дамуын, оның әлеуметтік белсенділігін арттыруда нәтижелі жұмыстар жүргізуде. Оның себебі пікір – сайыстарға дайындық барысында оқушылар мен студенттер талқыланатын мәселелерге қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізіп, көптеген ақпараттармен таныс болады. Бұл оларға сол проблема бойынша өз пікірлерін қалыптастыруға, оларды өз қарсыластарының көзқарастарымен салыстыра отырып, ойын барысында қорғауға үйретеді. Пікір-сайыс жастардың жан - жақты білімдерін жетілдіріп, мәдени деңгейлерін көтереді, басқа адамдарға түсіністікпен қарап, олармен санасуға үйретіп, шешендік өнерге баулиды.

Ауыл баласының бойындағы кемшілік деп өзіне-өзінің сенімсіздігін, жасықтығын атап, көп сөз етеміз. Сенімсіздікті қалыптастырған белгілі факторларды келтіріп дәлелдеп жата-

мыз. Сондықтан дәстүрлі қазақы тәрбиені өміршең үрдістермен сабақтастырып, рухани құндылықтармен жалғастыру керектігін, осы ретте ауыл мектептеріне «Пікір-сайыс» бағдарламасының берері мол екендігін айтып кетуге болады. Себебі пікір-сайыстардың оқушылардағы төмендегі дағдыларды қалыптастыратындығы анықталған дүние.

1. Сыни ойлау дағдылары – ойлардың қалыптасу, анықтау, негіздеу процесі. Қарардың өзін талдау үшін сын көзбен ойлау қажет. Абстракты ойлар мен өмірдегі кездесетін жайттар арасындағы логикалық байланыс бар ма, оны көру үшін де сыни ойлау қажет. Қарсыластарының дәлелдерінің логикалық тізбегінің жоқтығы мен негізделуінің әлсіздігін байқау үшін де сыни ойлау қажет. Сондықтан сыни ойлау пікір таластың негізі болып саналады. Ал оған үйрену оңай емес. Ол үшін іс жүзінде пікір таласқа түсу керек, қарсыластарды тыңдай білуге үйрену қажет.

2. Зерттеу дағдылары – кез-келген дәлелді сізге негіздеу қажет. Кей жағдайда жәй ғана логикамен негіздеу жетіп жатса, көп жағдайда арнайы әдебиет материалдарына сүйеніп айту қажет болады.

3. Ұйымдастырушылық дағдылары – шешендік өнерде сөздерді жүйелі сөйлеуді ұйымдастыра білу аса қажет.

4. Тыңдай білу дағдысы /2/.

Сонымен бірге пікір-сайыс оқушының, студенттердің ойын нақты айтып, жүйелі сөйлеуін қалыптастырады. Бұл қазіргі балаларда жетіспей жататын қабілет, себебін оқушының тілін, ойын дамытпайтын дәстүрлі оқытудан көреміз. Сондықтан да, әсіресе, ауыл мектептерінде дебат клубтарын ашылып немесе факультативті сабақтар есебінен пән ретінде енгізу қажет-ақ.

Ойымды түйіндей келе, пікірсайыс ұлттық ерекшелігімізге сай келетін бірден-бір жаңа педагогикалық технология. Сондықтан құрылымы білім беру технологиялары ретінде зерттеліп білім беру үрдісінде кеңірек қолданыс тапса. Сонымен, пікір-сайыс технологиясының элементтерін сабақта қолдану мынадай мақсаттарға жеткізеді:

- оқушының логикалық, сыни тұрғысынан ойлауын дамыту;
- әр түрлі пікірлерге төзімділік, сенімділік білдіру;
- көпшілік алдында сөйлеу мәнерін қалыптастыру.

Пікір-сайыс оқушының таным – білім деңгейлерін де дамытады. Пікір-сайыс үйренуге тұрарлық өнер. Оқушылардың, студенттердің өз бетімен іздену, білім алу және шығармашылық белсенділігін арттыруды көздейді. Сондықтан да «Пікір-сайыс» бағдарламасы келешекте саяси-әлеуметтік санасы жетік, қоғамдық өмірге белсене араласатын жастарды тәрбиелей береді деген сенім мол.

Пікірсайыстың тәрбиелік мәні уақытты үнемді, тиімді пайдалану оқушыны жинақылыққа, эстетикалық, этикалық талғампаздыққа үйретуінде. Мәдениетті қарым-қатынас, өзін-өзі ұстай білу, сыпайлылықпен жауап қату, қандай жағдайда да төзімділік танытып, қызбалылықтан аулақ болу, өзінің жолдастарын ұятқа қалдырмау, жауапкершілікті сезіну т.б. оқушы бойына қажетті тәрбиені сіңіру пікірсайыстың ұстанған басты бағыттарының бірі.

Сонымен қатар, тәрбие сабақтарында дебатты қолдану оқушылардың рухани жан дүниесін өз бетінше іздену, оқу арқылы байытуына мүмкіндік жасайды.

Қорыта айтқанда, «Пікір-сайыс» бағдарламасы – ұлттық мектеп мақсат еткен білімді-білікті, ойы ұшқыр, мәдениетті тұлғаны қалыптастыру үшін де мектептің, жоғарғы оқу орындарының тәрбие жүйесінің негізгі құрам бөлігі болу қажет.

ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1. Ушинский К.Д. Педагогические сочинения: в 6 т. Т. 2. 1988.
- 2 Майгаранова Ш. Ұлттық мектеп үлгісін орнықтырсам деп еді // Егемен Қазақстан газеті. 1 ақпан, 2002.
- 3 Садуақасов Ә. Халық педагогикасы дәстүрлерін қазақ мектептерінің оқу-тәрбие процестерінде пайдаланудың шарттары // Ұлт тағлымы. 2002. № 2.
- 4 Пікір-сайыс шындалу мектебі // Қазақстан мектебі. – 2003. – № 9.